

# 2023 жылғы Қазақстан Республикасындағы еңбек қызметіне байланысты жарақаттану және кәсіптік сырқаттар

Жариялау күні: 24.05.2024

Келесі жариялау күні: 26.05.2025

1. Негізгі ойлар
2. Динамика
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Байланысты жарияланымдарға сілтеме
6. Пайдалы сілтемелер

## 1. Негізгі ойлар

Электронды кестеде 2023 жылғы еңбек қызметіне байланысты жарақаттану және кәсіптік аурулар туралы.

2023 жылы Қазақстан Республикасында 2670 жазатайым оқиға тіркелді. Зардап шеккендердің жалпы санын әйелдер 18,2% құрады. Мұның өзінде 334 адам топтық жазатайым оқиғалар кезінде, 662 – кәсіптік аурулардан, 97 - улану кезінде зардап шеккен.

Жазатайым оқиғаның нәтижесінде 611 адам жабық сынық, 507 - сыртқы жарақат, 276 - шайқалудан болған жарақат және ішкі ағзалардың жарақаты, 160 – басқа сынықтар (шығып кетумен), 138 – ашық сынық, 102 - термикалық күйіктер алды.

### Электрондық кестелер:

1. [Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер, соның ішінде өлімге алып келгендер;](#)
2. [Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер, соның ішінде өлімге алып келгендер саны \(экономикалық қызмет түрі бойынша\);](#)
3. [Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер, соның ішінде өлімге алып келгендер саны \(меншіктің нысандары бойынша\);](#)
4. [Кәсіптік сырқаттану кезіндегі зардап шеккендер санын бөлу \(өңірлер бойынша\).](#)

## 2. Динамика


### Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер, соның ішінде өлімге алып келгендер

адам

	Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер, соның ішінде өлімге алып келгендер саны		
	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Барлығы	2 133	2 449	2 670
Ірі және орта кәсіпорындар	1 726	2 084	2 244
Шағын кәсіпорындар	407	365	426

### Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер саны

адам



Жарақаттанудың ең жоғары көрсеткіші Қарағанды облысында сақталуда. 2023 жылы онда 496 жағдай тіркелді, бұл жалпы жағдайлардың 18,6% құрайды. Екінші орында Ұлытау облысы, онда өндірісте 408 адам жарақат алды (жалпы санының 15,3%).

### Қызмет түрлері бойынша жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің үлесі

Пайызбен




**Жазатайым оқиға нәтижесінде алынған жарақаттар:**

- жабық сынықтар - 611 адам;
- Сыртқы жарақаттар - 507 адам;
- шайқалудан болған жарақат және ішкі ағзалардың жарақаты -276 адам;
- ашық сынықтар - 138 адам;
- термиялық күйік – 102 адам.

Есепті жылы ең көп таралған кәсіптік аурулар: дорсалгия (414 адам); құрамында кремний бар шаң тудырған пневмокониоз (136 адам).

**Жас топтары бойынша зардап шеккендердің үлесі**

пайызбен



Жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің көпшілігі – бірінші ауысымдағы жұмыс істеген 30 жастан 45 жасқа дейінгі білікті жұмысшылар.

**3. Глоссарий**

Өндірістегі жазатайым оқиға – жұмыс берушінің тапсырмасын немесе олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау барысында жұмысшыға кәсіптік фактордың әсері, соның нәтижесінде жарақат, жұмысшының кенеттен денсаулығының нашарлануы болды немесе улануы, жұмыс істеу қабілетінен уақытша немесе тұрақты айырылуға, кәсіптік сырқатқа немесе өлімге әкеп соққан.

Еңбекке қабілеттілігін жоғалтумен және өлімге әкеп соқтырған жағдайлардан зардап шеккендер саны – зардап шеккендердің еңбек міндеттерін орындау кезінде кәсіпорын аумағында, сондай-ақ кәсіпорындарымен берілген келу немесе жұмыстан қайту уақытында болған жазатайым оқиғалардан зардап шеккендер есепке алынды.

Кәсіптік ауру – жұмысшыға олар өздерінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысты зиянды өндірістік факторлар әсерінен туындаған өткір және созылмалы ауру.

Өндірісте болған жазатайым оқиғалардың материалдық салдары – зардап шеккен жұмысшыға кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалту деңгейіне сәйкес оның жалақысына пайызбен есептелетін өтелген залалдың өлшемімен анықталады. Асыраушысының өлімі жағдайында, залалды өтеуіне құқығы бар тұлғаларға, залал мөлшері өзіне, оның асырауындағы еңбекке қабілетті, бірақ залал өтелуіне құқығы жоқ тұлғалардың үлесін алып тастаған асыраушының орташа айлық көлемінде өтеледі.

**4. Әдістемелік түсініктемелер**

Электронды кестеде жазатайым немесе кәсіптік аурулар тіркелеген барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы барлық заңды тұлғалар ұсынған деректер қамтылған.

Өндірістік жарақат жағдайының өлшем бірлігі, яғни өндірісте болған жазатайым оқиғаның барысында жарақат алған бір адам жөніндегі деректер болып табылады.

## 5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

### Динамикалық кестелер:

[Жазатайым оқиғалар кезінде өлгендер саны;](#)

[Жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер;](#)

[Жазатайым оқиғаның материалдық салдары.](#)

## 6. Пайдалы сілтемелер

[Қазақстан Республикасындағы еңбек қызметіне байланысты жарақаттану және кәсіптік сырқаттар туралы, Сапа туралы есеп.](#)

[Ақпараттық-аналитикалық жүйе «Талдау».](#)

---

<b>Шығарылымға жаупты:</b> Халық статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	<b>Орындаушы:</b> Г.Сағат Тел. +7 7172 749258 E-mail: gl.sagat@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	---

---